

**№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін КММ кітапханасының
2022-2023 оқы жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
атқарылған мәдени көпшілік іс-шаралар есебі**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес **№8 Т.Бегманова атындағы мектеп** кітапханасында 2022-2023 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепшілік жоспар жасалынып директордың бұйрығымен бекітілді. Жобаға жауапты мамандар бекітілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты: оқушыларды кітап оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту және мектеп оқушыларының интеллектуалдық әлеуетін арттыру мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Әдеби-мәдени іс-шаралар бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Ұлы ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай «Ахмет оқулары» байқауы ұйымдастырылып, оған 8–9 сынып оқушылары қатысып, шараны ұстаз Г. Әленова өткізді. Сонымен қатар, қараша–желтоқсан айларында Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жұбан Молдағалиев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абай Құнанбайұлы, Мұқағали Мақатаев және басқа да ақын-жазушылардың шығармашылығына арналған апталық оқулар өткізіліп, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды. Нәтижесінде мектепте поэзияға құштар, шығармашылыққа бейім оқушылар саны арта түсті. Оқу сағатын жандандыру мақсатында мектеп фойесінде, сыныптарда және пән бірлестіктері кабинеттерінде кітап көрмелері, әдеби бұрыштар және bookcrossing аймақтары жасақталды. Әр апта сайын, сәрсенбі күні «Оқу сағаттары» өткізіліп, оқушылардың сөздік қорын байытып, кітапқа деген ынтасын арттыруға ықпал етті.

Кеңес Одағының Батыры, Ұлы Отан соғысының даңқты қызы М.Мәметованың 100 жылдығына арналған «Арулар отты жылдарда» атты іс-шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар батыр Мәншүктің ерліктерімен танысып, рухына тағзым етті. Сонымен қатар, 7–8 сынып оқушыларымен «Кітапханадағы бір күнім» атты танымдық сайыс өткізілді. Сайыс барысында оқушылар кітапхана қоры, жаңа әдебиеттер және кітап оқудың маңызы жөнінде ой бөлісіп, қызықты тапсырмаларды орындады. Атқарылған жұмыстар әлеуметтік желіде жарияланып, көпшілікке ұсынылды.

1–2 сынып оқушыларын оқуға баулу мақсатында «Кітапханаға саяхат» атты танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Шара барысында бүлдіршіндер кітапхана бөлімдерімен танысып, кітапханадағы тәртіп пен ережелерді үйренді. Сонымен қатар, кітапты дұрыс ұстау, таза сақтау және уақытылы қайтару жайында түсініктер берілді.

Атақты ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры атанған қазақтың даңқты қаһарманы Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына орай 5-сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Шара барысында оқушылар еңес Одағының Батыры атанған даңқты ұшқыштың ерлік жолымен танысты. Желтоқсан айында «Жаңа кітаптар әлемінде» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, жаңа түскен әдебиеттер негізінде ұсыныстық тізім жасалып, оқырмандарға ұсынылды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кел, балалар, оқулық» клубының жылдық жоспарына сәйкес бастауыш сынып оқушылары арасында «100 ертегі» жобасы ұйымдастырылды. Жоба барысында бүлдіршіндер түрлі халық және авторлық ертегілерді оқып, мазмұнын әңгімелеп берді. Нәтижесінде көптеген оқушылар 100-ден астам ертегіні еркін баяндап, әңгімелеп бере алатын дәрежеге жетті.

Оқушылардың демалысын тиімді өткізу мақсатында «Каникулда кітап оқимыз» атты кітап оқу марафоны өткізілді. Бұл шараға көптеген оқушылар қатысып, белсенділік танытқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Марафон барысында балалардың салған суреттерінен арнайы көрме жасалып, әлеуметтік желілерде (Facebook) жарияланды.

Сайрамдық жас қаламгер Э. Татиев мектебімізге келіп, оқырмандармен кездесу кешін өткізді. Кездесу барысында жас жазушы өз шығармашылығы жайлы әңгімелеп, оқушылардың сауалдарына жауап берді. Шара оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттырып, жас қаламгерлерге үлгі болды.

Қазақтың аса көрнекті ақыны, XX ғасырдағы әдебиеттің ірі тұлға Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 10-сынып оқушыларымен «Өмірге шуақ төккен өлеңменен» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, оның өмірі мен шығармашылығы жайлы ой бөлісті.

Ақпан айында мектебімізде аудандық деңгейде «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп кітапханасының инновациялық қызметі» тақырыбында семинар болып өтті. Семинарға аудан мектептерінен кітапханашылар қатысып, тәжірибе алмасып, жаңа жұмыс түрлері мен тиімді әдістер талқыланды.

Кітапхана жобасына оқушылар белсенді түрде қатысып, түрлі сайыстарда тіркеліп, 2–3 орындарға ие болды. «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Т. Әбдіктің шығармаларына арнайы көрме жасақталып, оқырмандарға насихатталды.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы бойынша кітап қорымыз 150 дана жаңа әдебиетпен толықтырылды. Бұл бастамаға ұстаздар мен оқушылар, ата-аналар да қатысып, кітапхана қорының дамуына үлес қосты.

Мамыр айында жылдық қорытынды жасалып, үздік оқырмандар анықталып, алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, «100 жаңа кітап» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, дөңгелек үстел өткізіліп, оқушылар жаңа әдебиеттермен танысты.

Жеңіс күні мерекесіне орай «Ұмытылмас ұлы жеңіс» тақырыбында кітап көрмесі жасалып, оқырмандарға таныстырылды. Көрме барысында оқушылар соғыс жылдарындағы әдебиеттермен, батырлардың ерлік жолдарымен танысты.

Кітапханада ұйымдастырылған іс-шаралардың барлығы да мазмұнды өтіп, өз мақсатына жетті.

Білім алушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. 2022-2023 оқу жылы аралығында кітапханаға 6069 дана жаңа оқулықтар келді.

Мектепте білім алушылардың жалпы саны 1174 және барлығы негізгі оқулықтармен толық қамтамасыз етілген. Бірінші кезекте мектептегі статуска ие, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен қамтылды. Аталған топқа жататын оқушылардың барлығы 100% оқулықпен қамтамасыз етілген. Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы

« Кітапханадағы оқулықтар жайлы мәлімет»

1. Мектеп кітапханасы: 1
2. Кітаптар саны (мектеп оқулықтары, көркем әдебиет кітаптар, журналдарды қосқанда) жалпы: 22256
3. Оның ішіндегі мектеп оқулықтар: 17607
4. Көркем әдебиет: 3767
5. Жаңа буын оқулықтар: 17607
6. Қордың өсімі: -781
7. Қазақ тіліндегі оқулықтар саны: 7439
8. Өзбек тілі оқулықтар саны: 10168
9. Оқырман саны: 720
10. Кітапханаға оқырман келуі: 10220
11. Кітап берілімі: 14322
12. Кітапханашылар саны: 2
13. Кітапхананың білімі бар кітапханашының саны: 2

14. Оқу залы: кв.м

15. Оқу залы отыратын орны: 22

16. Кітапхана көлемі: 99,6 кв.м

№	Кітаптар атауы	Айдың басындағы қалдық		Кіріс		Шығыс		Жалпы	
		Саны	Соммасы	Саны	Соммасы	Саны	Соммасы	Саны	Сомма
1	Жалпы кітап қоры	23037	34812037	6069	16513154	6850	11900230	22256	359149
2	Көркем әдебиет	3767	821739	1				3768	821739
3	Электронды оқулықтар	1023	291564					1023	291564
4	Оқулықтар	18247	33698734	4969	14693154	3850	10080230	17607	334847
5	Дәптерлер			1100	1820000	1100	1820000		
	Барлығы:	23037	34812037	6069	16513154	6850	11900230	22256	359149